



БЕКІТІЛДІ

«ОҚМА» АҚ ректоры

М.Рысбеков


» 03 2022 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІНІҢ СТАНДАРТЫ
Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару

СТ 044/022-2022

Мерзімі	Көшірмесі	Басылым
		Екінші

Шымкент 2022

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		СТ 044/022-2022
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты		№2 басылым 18 беттің 2 беті


1. «ОҚМА» АҚ Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасымен **ӘЗІЛЕГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН**

2022 ж. «03» 03 №19 хаттама

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен **КЕЛІСІЛДІ**


2022 ж. «18» 03 №4 хаттама

Кезеңдік тексеру мерзімі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022	
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 3 беті	

МАЗМҰНЫ

1	Нормативтік сілтемелер	4
2.	Терминдер мен анықтамалар	4
3	Белгілер мен қысқартулар.....	5
4	Жалпы ережелер.....	5
5.	Ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы функциялар мен міндеттер.....	6
6.	ПОҚ ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау	7
7.	СҒЗЖ/МҒЗЖ/ДҒЗЖ жоспарлау	10
8	ПОҚ ғылыми-зерттеу жұмысы	11
9	Студенттердің / магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы	12
10.	Бағалау, талдау және жақсарту.....	15
	Қосымша А	17

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1.1. Осы құжат мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленген:

ISO 9000:2015	Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік,
ISO 9001:2015	Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар,
РК 044/ 001-2021	Сапа жөніндегі нұсқаулық,
СТ 044/ 004-2022	Қызметтік құжаттарды басқару,
СТ 044/ 007-2022	Жазбаларды басқару,
СТ 044/010-2021	Басшылық тарапынан талдау,
СТ 044/020-2021	Ішкі аудат,
СТ 044/021-2021	Сәйкессіздіктерді басқару, түзету әрекеттері.

1.2. Осы стандарт мынадай үлгілерді қолданысқа енгізеді:


Ү 044/022-01-2022	Ғылыми-зерттеу жұмысының жоспары,
Ү 044/022-02-2022	Студенттердің / магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысының жоспары,
Ү 044/022-03-2022	ҒЗЖ бойынша есебі,
Ү 044/022-04-2022	СҒЗЖ бойынша есебі,
Ү 044/022-05-2022	ҒЗЖ көрсеткіштерін бағалау,
Ү 044/022-06-2022	Қолданбалы бағдарламаны орындау жөніндегі есебі.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы стандартта нормативтік құжаттар негізінде әзірленген терминдер мен анықтамалар пайдаланылады.

Төменде осы құжатта жиі қолданылатын немесе маңызды терминдер келтірілген:

Процесс	«кірісті» «шығысқа» айналдыратын, қызметтің өзара байланысқан және өзара әрекеттесетін элементтер жиынтығы.
Ғылыми-зерттеу жұмысы	ғылыми жаңалыққа қол жеткізу және қосылған құнды алу мақсаттарымен жүргізілетін бекітілген тақырып бойынша жоспарланған ғылыми зерттеулер мен іс-шаралар.


ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022	
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 5 беті	

3 БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта мынадай қысқартулар мен белгілер қолданылады:	
ISO (ИСО)	Халықаралық стандарттау ұйымы;
«ОҚМА» АҚ	«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы,
ӘБП	әкімшілік-басқару персоналы,
ҒЗИМО	ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары,
ҒЗЖ	ғылыми-зерттеу жұмысы,
ҒК	Ғылыми кеңес,
ҒТБ	ғылыми-техникалық бағдарлама,
ҒФ	ғылыми форум,
ҒКЖ жөніндегі проректор	Ғылыми-клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор,
ҒЗБ	ғылыми зерттеулерді басқару,
ҒКЖДМБ	Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы,
ДҒЗЖ	докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы,
ҚР ДСМ	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі,
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі,
МҰҒТСО	мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы,
МҒЗЖ	магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы,
МжСМЖ секторы	мониторинг және сапа менеджменті жүйесі секторы,
НҚА	нормативтік құқықтық акт,
ПОҚ	профессор-оқытушылар құрамы,
СҒЗЖ	студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары,
СМЖ	сапа менеджмент жүйесі,
СҒҚ	студенттік ғылыми қоғам,
ХБ	халықаралық байланыстар,
ІНҚ	ішкі нормативтік құжаттар,
ЭЗЖ	эксперименттік-зерттеу жұмысы,

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. «Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» стандарты (бұдан әрі - Стандарт) ПОҚ мен білім алушылардың ғылыми қызметін басқару

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 6 беті

мақсатында әзірленді, осы стандарт ғылыми-зерттеу жұмысына тартудың мақсаттары мен міндеттерін, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамында (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырудың жалпы тәсілі мен негізгі қағидаттарын белгілейді.

4.2. Осы стандарттың талаптары «ОҚМА» АҚ кафедраларында орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстарына **қолданылады**.

4.3. Осы стандарт бойынша барлық жұмыстарды ҒКЖДМ басқармасы және ғылыми-клиникалық жұмыс жөніндегі проректор бақылайды. Магистратурада және докторантурадағы осы стандарт бойынша жұмыстарды ҒКЖДМ басқармасы бақылайды.

4.4. Осы стандартты «ОҚМА» АҚ-ның барлық профессорлық-оқытушылық құрамы мен білім алушыларының **жүргізуі** міндетті.

4.5. Түсінікті болу үшін А қосымшасында «ОҚМА» АҚ-дағы ғылыми-зерттеу қызметі» процесінің блок-схемасы берілген.

4.6. Осы құжат «ОҚМА» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және «ОҚМА» АҚ-ның бірінші басшысының рұқсатымен сапа менеджменті жүйесіне тексеру жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан басқа Тараптарға **ұсынуға** жатпайды.


5. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ФУНКЦИЯЛАР МЕН МІНДЕТТЕР

«ОҚМА» АҚ-ның ғылыми қызметі қазіргі заманғы біліктілік талаптарына сай мамандарды, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды қамтамасыз ету, «ОҚМА» АҚ-ның әлеуметтік-экономикалық және материалдық-техникалық дамуы үшін білім беру, ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетін тиімді пайдалану мақсатында мынадай қағидаттарға сүйене отырып жүзеге асырылады:

- «ОҚМА» АҚ-ны бірыңғай оқу-ғылыми-инновациялық кешен ретінде дамытуға ықпал ететін ғылыми қызметке ғылыми-педагогикалық кадрларды барынша толық тарту;

- жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды және ПОҚ-ның ғылыми біліктілігін арттыруды, білім алушылар мен жас мамандардың ғылыми шығармашылығын дамытуды, олардың неғұрлым қабілетті және талантты мамандарын ғылыми қызметке тартуды қамтамасыз ету;

- ғылым мен білімнің әлемдік жүйесіне кіру және ғылыми-техникалық өнімді бірлесіп әзірлеу мақсатында шет елдердің оқу орындарымен және фирмаларымен халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықты кеңейту.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022	
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 7 беті	

Жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы негізгі функциялары мен міндеттері:


- іргелі, іздестіру, қолданбалы ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды және инновациялық қызметті жүргізу;
- ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми зерттеулері және шығармашылық қызметі арқылы жаңа білім алуы;
- жоғары білім беруді дамытудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеу және әзірлеу;
- ғылыми зерттеулердің нәтижелерін практикалық қызметке енгізу;
- жеке ғылыми мектептерді қалыптастыру және дамыту, ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді тарту;
- заманауи білім беру технологияларын пайдалана отырып, білім беру процесін дайындау, ұйымдастыру және жүргізудің өзіндік технологиялары мен әдістемелерін әзірлеу және іске асыру;
- коммерциялық іске асыруға бағытталған қолданбалы зерттеулер мен практикалық әзірлемелерді жүргізуді ұйымдастыру;
- зерттеушілер мен әзірлеушілердің зияткерлік меншігі мен авторлық құқықтарын қорғау және ғылыми әзірлемелердің қазақстандық және халықаралық нарықтарға шығуына жәрдемдесу;
- тартылған қаражат пен инновациялық қызметті пайдалану есебінен зерттеулер мен әзірлемелердің қаржылық негізін кеңейту.

Жоғары оқу орнының ғылыми қызметі мамандарды даярлау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Оқу және ғылыми процестердің бірлігі:

- білім алушыларды ҚР республикалық бюджетінің, сондай-ақ басқа да бюджеттердің және бюджеттен тыс қаржыландыру көздерінің қаражаты есебінен орындалатын ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстарға қатысуға тарту;
- ғылыми және ғылыми-өндірістік бөлімшелер базасында белсенді оқу жұмысының түрлі нысандарын, дипломдық жобалауды, оқу және өндірістік практиканы, білім алушыларды мақсатты даярлауды және мамандарды даярлаудың басқа да нысандарын жүргізу;
- оқу және ғылыми үдерістерді компьютерлендіру, бірыңғай ақпараттық ортаны қалыптастыру және студенттердің информатиканың заманауи әдістері мен құралдарын меңгеру арқылы іске асады.

6. ПОҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУ

6.1. Оқу жылының соңында «ОҚМА» АҚ-ның тиісті факультет кафедраларының барлық оқытушылары кафедра ПОҚ-ның ғылыми-зерттеу

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 8 беті

жұмыстары жоспарларының жобаларын жасайды (Ү 044-26-01-2022 нысанға сәйкес).

Жоспар жобаларында көрсетілетін ҒЗЖ мынадай түрлерін қамтуы мүмкін:

- шаруашылық келісімшарт тақырыптары (оның ішінде «ОҚМА» АҚ қаржыландыратын қолданбалы тақырыптар);
- бюджеттік тақырыптар;
- гранттар бойынша қаржыландырылатын ҒЗЖ;
- диссертациялық жұмыс/жоба;
- студенттердің / магистранттардың / докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі-СҒЗЖ, МҒЗЖ және ДҒЗЖ);
- факультеттің ғылыми-зерттеу қызметі.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарларының жобаларын әзірлеу кезінде:

- алдыңғы кезеңдердегі ҒЗЖ жоспарларын орындау нәтижелері;
- ҒЗЖ жоспарларын жақсарту бойынша келіп түскен ұсыныстар ескеріледі.


Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жоспарлардың жобаларына мыналар кіреді:

- ғылыми кадрларды даярлау;
- ғылыми зерттеулерді жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу;
- өткізу деңгейі мен қатысу дәрежесін көрсете отырып, ғылыми конференцияларды, ғылыми-практикалық конференцияларды, тақырыптық конференцияларды, кафедра аралық, семинарларды, олимпиадаларды және т.б. ұйымдастыру және өткізу;
- ғылыми қоғамдардың жұмысына қатысу;
- ғылыми жұмыстарды жоспарлау және басып шығару;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін кафедраның материалдық-техникалық базасын нығайту;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге келісім-шарттар жасау және орындау. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын гранттық қаржыландыру;
- студенттердің/магистранттардың/докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру (СҒЗЖ/МҒЗЖ/ДҒЗЖ);
- кафедра жұмысын қорытындылау.

ПОҚ қалыптастырған ПОҚ ҒЗЖ жоспарларының жобалары факультеттің ғылыми-зерттеу жұмысын дұрыс жоспарлау мақсатында енгізілген іс-шаралар жоспарының жобаларына талдау жүргізуге деканға беріледі.

Талдау нәтижелері бойынша ПОҚ ҒЗЖ жоспарларының жобаларына (қажет болған жағдайда) декан түзетулер енгізуі мүмкін.

6.2 Факультет кеңесінің отырысында келісілген кафедра ПОҚ-ның ғылыми-зерттеу жұмысының жоспары Ғылымдық кеңестің (ҒК) отырысында

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 9 беті

қаралады және оны ғылыми-клиникалық жұмыс жөніндегі проректор бекітеді. Оқу жылының 20 маусымына дейінгі мерзімде ПОҚ ҒЗЖ жоспары «ОҚМА» АҚ-ның оқу жылына арналған ҒЗЖ жиынтық жоспарына енгізу үшін ҒКЖДМБ беріледі. Жоғары оқу орнының басшылары ҒЗЖ жоспарына тақырыптардың ғылыми жетекшілері ретінде енгізілуі мүмкін.

6.3 Ғылыми-зерттеу жұмысының оқу жылына арналған жиынтық жоспарын «ОҚМА» АҚ ректоры бекіту үшін ғылыми-клиникалық жұмыс жөніндегі проректор Ғылыми кеңестің отырысына ұсынады. Жоспар оқу жылының 01 қаңтарына дейінгі мерзімде бекітіледі.


6.4 Оқу жылына бекітілген ҒЗЖ жоспарының көшірмелері ҒКЖДМБ факультет декандарының назарына (қол қойғызып) жеткізіледі, ол өз кезегінде факультеттің әрбір оқытушысына жөнелтеді, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жоспарланған іс-шараларды өткізуге жауапты қызметкерлерге (бөлімшелерге), алқалы, кеңесші органдардың басшыларына жеткізуді қамтамасыз етеді.

6.5 Оқу жылына бекітілген ҒЗЖ жоспары негізінде оқытушылар «Ғылыми-зерттеу жұмысы» бөлімін оқытушының жеке жұмыс жоспарында «Қазақстан Республикасының Жоғары медициналық оқу орындарының кафедраларында оқу және әдістемелік жұмысты ұйымдастыру туралы» №2 Нұсқаулық хатқа сәйкес ҒЗЖ жоспарында айқындалған жауапкершілікке байланысты толтырады.

6.6 Оқу жылына бекітілген ҒЗЖ жоспарына елеулі өзгерістер енгізу қажет болған кезде оқу жылының екінші жартыжылдығына жоспарланған іс-шаралар бөлігінде ҒЗЖ жоспарын түзетуге болады. Мұндай өзгерістер оқу жылының 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде ҒКЖ жөніндегі проректорға жіберілетін факультет декандарының ұсыныстары негізінде енгізіледі.

6.7 ҒКЖ жөніндегі проректор оқу жылының 20 қаңтарына дейінгі мерзімде ҒЗЖ жоспарына өзгерістер енгізуді, «ОҚМА» АҚ-ның кафедра меңгерушілерімен және проректорларымен өзгерістерді келісуді және «ОҚМА» АҚ ректорымен бекітуді қамтамасыз етеді. Ректордың шешімі бойынша ҒЗЖ жоспарына өзгерістерді келісу «ОҚМА» АҚ-ның Ғылыми кеңесінің отырысында өткізілуі мүмкін. ҒЖ жоспарына өзгерістер оқу жылы қаңтарының соңына дейінгі мерзімде бекітіледі.

6.8 ҒЗЖ жоспарына енгізілген өзгерістерді ҒКЖДМ басқармасы факультет декандарының назарына (қол қою арқылы) жеткізеді, олар өз кезегінде енгізілетін өзгерістер әсер еткен кафедраның әрбір оқытушысына қол қою арқылы жеткізуді қамтамасыз етеді. «ОҚМА» АҚ-ның басқа қызметкерлерінің (бөлімшелерінің) қызметіне қатысты ҒЗЖ жоспарына өзгерістер енгізілген жағдайда, ҒКЖДМБ осы өзгерістерді мүдделі тұлғаларға жеткізуді қамтамасыз етеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 10 беті

6.9 Жұмыс жоспарлары тиісті номенклатуралық істерге қалыптастырылады.

6.10 ҒКЖ жөніндегі проректор «ОҚМА» АҚ атынан ҒЗЖ, инновациялық жобаларды және ҒЗЖ бөлімшелері орындайтын өзге де жұмыстарды орындауға шарттар (келісімшарттар) жасасады, ҒЗЖ құрылымын өзгерту жөніндегі ұсыныстарды ректорға бекітуге ұсынады, ҒЗЖ және «ОҚМА» АҚ бойынша ғылыми қызмет бөлігінде нормативтік құжаттар (өкімдер) шығарады.

ҒКЖ жөніндегі проректор жыл сайын Ғылыми кеңесте «ОҚМА» АҚ-ның ғылыми қызметінің нәтижелері туралы есеп береді.

7. СҒЗЖ/МҒЗЖ/ДҒЗЖ ЖОСПАРЛАУ

7.1 ҒЗЖ орындалады:

– студенттердің студенттік ғылыми үйірмелерде немесе студенттік ғылыми шығармашылықтың басқа ұйымдарында оқу жоспарларында қарастырылған өзіндік жұмыстарды, басқа оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау барысында;

- магистранттармен оларды даярлаудың жеке жоспарларына сәйкес;
- докторанттармен оларды даярлаудың жеке жоспарларына сәйкес;
- СҒЗЖ тікелей «ОҚМА» АҚ кафедраларында ұйымдастырылады.

«ОҚМА» АҚ кафедралары СҒЗЖ жүйесіне тікелей әдістемелік және ұйымдастырушылық басшылықты жүзеге асырады, өз қызметін кәсіптік білім беру бағдарламалары мен Мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес олар әзірлеген және мамандықтардың, оқу курстары мен пәндерінің жұмыс бағдарламаларымен бекітілген жұмыс бағдарламаларына сәйкес бағыттайды. Кафедралар білім алушылар орындайтын нақты жұмыстардың (тақырыптардың) жетекшілерін таңдап, бекітеді.

СҒЗЖ ұйымдастыруға және басқаруға «ОҚМА» АҚ-ның барлық кафедраларының оқытушылары мен қызметкерлері қатысады.


Кафедрада СҒЗЖ-ны басқаруды кафедраның штаттық оқытушылары арасынан кафедра меңгерушісі тағайындайтын СҒЗЖ-ға жауапты тұлға жүзеге асырады.

Ғылыми басшылықты «ОҚМА» АҚ кафедраларының ПОҚ жүзеге асырады.

«ОҚМА» АҚ-дағы СҒЗЖ-ға тікелей бақылауды кафедра меңгерушісі, декан, ҒКЖДМБ, ҒКЖ жөніндегі проректор жүзеге асырады.

7.2. СҒЗЖ/МҒЗЖ/ДҒЗЖ жоспарлау мақсатында кафедралар төмендегілерді жүзеге асырады:

- жаңа ғылыми әзірлемелерге қойылатын заманауи талаптарды зерттеу;

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 11 беті

- жарияланған ғылыми ақпаратты зерттеу, Интернетті қоса алғанда.
- СҒЗЖ/МҒЗЖ/ДҒЗЖ үшін тақырыптарды әзірлеу;
- студенттердің/магистранттардың/докторанттардың ғылыми конференцияларға қатысуын жоспарлау, сондай-ақ ғылыми мақалаларды жариялау;
- СҒЗЖ/МҒЗЖ/ДҒЗЖ үшін жауапты оқытушыларды/жетекшілерді анықтау.

7.3. СҒЗЖ/МҒЗЖ/ДҒЗЖ кафедраларымен жоспарлау кафедраның ПОҚ ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлаумен бірдей тәртіпте Ү 044-26-02-2022 нысаны бойынша жүргізіледі (Стандарттың 6-т.қараңыз).

7.4. МҒЗЖ/ДҒЗЖ бекітілген жоспарында көзделген магистранттардың және докторанттардың эксперименттік-зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмысы олардың жеке жұмыс жоспарының тиісті бөліміне енгізіледі.

8 ПОҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

8.1. «ОҚМА» АҚ-ның ғылыми-зерттеу жұмыстары ПОҚ-ның ғылыми-зерттеу жұмысының бекітілген тақырыптары мен жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. ҒЗЖ жоспарлау кезінде жоспарға енгізілген әрбір ғылыми-зерттеу жұмысының аяқталу нысаны анықталады.

8.2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгенге дейін:


- ғылыми зерттеу немесе зертханалық базаның ғылыми зерттеулерге дайындығы тексеріледі (зертханалық жабдықты сақтау СТ 044/013-2022 «материалдық-техникалық база» стандартында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады);

- офистік жабдықтың жұмыс қабілеттілігі, бағдарламалық қамтамасыз етуді күйге келтіру, өлшеуге арналған жабдықтың жұмыс қабілеттілігі тексеріледі (өлшеу жабдығын сақтау СТ 044/017-2022 «Өлшеуге арналған жабдықты басқару» стандартында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады).

8.3. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жоспарлы іс-шаралардың орындалуын өзіндік бақылауға және олардың орындалуына жауапкершілік профессор-оқытушылар құрамына жүктеледі.

8.4. Кафедраның (факультеттің) ҒЗЖ жоспарының орындалуын ағымдағы бақылауды, жоспарда белгіленген мерзімдердің толық орындалуын және орындалуын бақылауды факультеттердің кафедра меңгерушілері (декандары) жүзеге асырады. Осы мақсатта ҒЗЖ жоспарларының орындалуы туралы ақпарат кафедралар мен факультеттер кеңестерінің отырысында тыңдалады және қаралады.

8.5. Ғылыми-зерттеу жұмысы жоспарының орындалуын жалпы бақылауды ғылыми-клиникалық жұмыс жөніндегі проректор жүзеге асырады,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 12 беті

ол бақылау мақсатында факультет декандарынан, ҒЗЖ орындауға жауапты оқытушылардан және «ОҚМА» АҚ бөлімшелерінен жедел ақпарат сұратуға құқылы. Ғылыми-зерттеу жұмысын бақылау нәтижелері бойынша проблемалар мен сәйкессіздіктер анықталған жағдайда НКР жөніндегі Проректор оларды жою жөніндегі шешімдерді әзірлеуді және жұмыс тәртібімен орындауды ұйымдастырады.

8.6. Ғылыми-зерттеу жұмысы жоспары іс-шараларының, сондай-ақ осы Стандартта көзделген процестердің орындалуын бақылауды ішкі аудиторлар СМЖ-нің ішкі тексерулерді СТ 044/020-2021 «Ішкі аудит» стандартына сәйкес жүргізген кезде бақылайды.

8.7. ҒЗЖ процесінде және нәтижелері бойынша жасалатын құжаттарды, жазбаларды жауапты қызметкерлер тиісті номенклатуралық істер бойынша қалыптастырады және СТ 044/007-2022 «Жазбаларды басқару» стандартына сәйкес басқарылады.

9 СТУДЕНТТЕРДІҢ / МАГИСТРАНТТАРДЫҢ / ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ


9.1. Студенттерді/магистранттарды/докторанттарды «ОҚМА» АҚ-ның ғылыми қызметіне тарту және олардың зерттеу жұмысына бейімділігі мен дағдыларын дамыту, сондай-ақ ғылыми нәтижелерін апробациялау мақсатында кафедралар СҒЗЖ/МҒЗЖ/ДҒЗЖ бойынша іс-шаралар ұйымдастырады.

9.2. СҒЗЖ / МҒЗЖ / ДҒЗЖ келесі іс-шараларды қамтуы мүмкін:

- «ОҚМА» АҚ-ның ҒЗЖ орындауға қатысуы;
- ғылыми конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге және т.б. қатысу;
- ғылыми журналдар мен мақалалар жинағына, конференция материалдары мен тезистеріне жарияланымдар дайындау;
- ғылыми қоғамдарда, үйірмелерде жұмыс істеу;
- магистрлік диссертациялық жұмыстар/жобалар;
- докторлық диссертациялық жұмыстар;
- конкурстарға қатысу (институттық, аймақтық, халықаралық);
- ғылыми тағылымдамалар.

9.3. Оқытушылар СҒЗЖ/МҒЗЖ/ДҒЗЖ қатысады. Осы мақсатта «ОҚМА» АҚ ғылыми-зерттеу және инновациялық жобалар бойынша командаларды немесе студенттердің ғылыми қоғамдарын құрады, олардың құрамына студенттер кіреді.

9.4. ҒКЖДМ басқармасы СТ 044/003-2022 «Ұйымдастыру құжаттарын басқару» стандартында белгіленген тәртіппен студенттік ғылыми қоғам

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 13 беті

туралы Ереже әзірлейді. Орган туралы Ережеде міндетті түрде органның жұмыс регламенті, оның құқықтары, жауапкершілігі мен өкілеттіктері қамтылады.

9.5. Жекелеген жобаларды іске асыру үшін жоба бойынша жұмыс регламентін, міндеттерін, құқықтарын, жауапкершілігін, өкілеттіктерін және жоба нәтижелерін бағалау тәртібін қамтитын Ережелер әзірленуі мүмкін.

9.6. Магистратурада магистранттарды кафедраның қолданбалы ғылыми бағдарламаларының мәселелерін әзірлеуге қосу міндетті болып табылады. Кафедралар жүргізетін ҒЗЖ орындаушыларының қатарына кіретін магистранттар ғылыми проблемалардың жай-күйіне талдамалық шолулар жасайды, ғылыми эксперименттер жүргізеді, алынған нәтижелерді өңдейді, эксперименттік қондырғыларды, сондай-ақ көрнекі құралдарды, техникалық және өзге де оқыту құралдарын жобалайды және дайындайды, іскерлік ойындарды әзірлеуге, практикалық жағдайлар мен құбылыстарды модельдеу жөніндегі жұмыстарға, ҒЗЖ бойынша есептерді дайындауға қатысады.

9.7. Әрбір академиялық кезеңнің соңында кафедра отырыстарында ҒКЖДМБ қатысуымен магистранттардың және докторанттардың жеке жұмыс жоспарының орындалуы туралы есебі тыңдалады. Жеке жоспарларда қарастырылған жұмыстардың негізгі бөлігінің орындалмауы Ғылыми кеңестің шешімі бойынша магистранттарды және докторанттарды оқудан шығаруға негіз болып табылады. Ғылыми кеңестің барлық шешімдері белгіленген тәртіпте хаттамаланады.


9.8. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындысы және олардың ғылыми дайындығының сапа өлшемі диссертациялық жобалар болып табылады.

9.9. Диссертациялық жобалардың мазмұны мен ресімделуіне, оларды дайындау мен қорғауға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерімен және магистрлік/докторлық диссертацияны ұйымдастыру, рәсімдеу, оларды дайындау және қорғау жөніндегі қағидалармен айқындалады.

9.10. Жеке жоспарларды жүйелі түрде орындамайтын, оның ішінде диссертациялық жобаны қорғауға ұсынбайтын магистранттардың, докторанттардың ғылыми жетекшілері «ОҚМА» АҚ-ның Ғылыми кеңесінің шешімімен жетекшілік ету құқығынан айырылады.

9.11. «ОҚМА» АҚ өткізетін ғылыми-зерттеу жұмыстарына студенттердің тікелей қатысуы ҒЗЖ жүйесінің ұйымдастырушылық нысандары мен іс-шаралары арқылы қамтамасыз етіледі, олар мыналарға бөлінеді:

- оқу үдерісіне енгізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстары;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022	
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 14 беті	

- оқудан тыс уақытта (оқу жоспарынан тыс немесе одан тыс) орындалатын ғылыми-зерттеу жұмысы;

- ғылыми, ғылыми-техникалық ұйымдастырушылық-бұқаралық іс-шаралар, оның ішінде СҒЗЖ жүйесін дамытуды ынталандыратын және студенттерді шығармашылыққа баулитын жарыс сипатындағы іс-шаралар (студенттік ғылыми конференциялар, семинарлар, студенттік олимпиадалар, конкурстар және т. б.), сонымен бірге студенттердің өзіндік ғылыми еңбегінің нәтижелілігі мен тиімділігін анықтайтын (жарияланымдар, ғылыми есептердегі авторлық, авторлық куәліктер, патенттер, әзірлеу практикасында іске асырылатын әзірлемелер, жарыс іс-шараларындағы марапаттар және т. б.);

9.12. Оқу процесіне енгізілетін ғылыми-зерттеу жұмысы оқу тапсырмаларын, оның ішінде өндірістік және оқу практикасы, зертханалық жұмыстар, ғылыми зерттеулер элементтері бар немесе нақты ғылыми-зерттеу сипаты бар курстық және бітіру біліктілік жұмыстары кезеңінде орындауды көздейді;

9.13. Студенттердің сабақтан тыс уақытта (оқу жоспарынан тыс немесе одан тыс) орындайтын ғылыми-зерттеу жұмысы мынадай нысандарда ұйымдастырылады:

- студенттік ғылыми үйірмелердегі, студенттік ғылыми қоғамдардағы жұмыстар;


- «ОҚМА» АҚ кафедралары мен ғылыми бөлімшелерінде орындалатын шығармашылық ынтымақтастық бойынша жұмыстарға, мемлекеттік бюджет немесе келісім-шарт тақырыптарын орындауда студенттердің топтармен немесе жеке тәртіппен қатысуы;

- студенттік ғылыми және ғылыми-техникалық іс-шаралардағы жұмыстар (ғылыми-теориялық конференциялар, конкурстар, пәндік олимпиадалар және т. б.).

9.14. Кафедралар (факультеттер) жүргізетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаушылар қатарына кіретін студенттер арнайы әдебиет бойынша рефераттар жасайды, эксперимент жүргізу және алынған нәтижелерді өңдеу дағдыларын меңгереді, көрнекі құралдарды, зертханалық қондырғылар мен оқытудың техникалық құралдарын жобалайды және дайындайды. Аталған жұмыстарды орындауға тартылатын студенттердің тапсырмаларында зерттеу, шығармашылық элементтер көзделуге тиіс.

9.15. «ОҚМА» АҚ-да СҒЗЖ жүйесін орнату және ұйымдастыру бойынша жалпы басшылық пен жауапкершілік ҒКЖ жөніндегі проректорға және кафедра меңгерушілеріне жүктеледі.

9.16. «ОҚМА» АҚ-да СҒЗЖ жүйесінің жұмыс істеуін Ғылыми кеңес және студенттік ғылыми бірлестік қамтамасыз етеді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 15 беті

9.17. СҒЗЖ, МҒЗЖ және ДҒЗЖ процесінде және нәтижелері бойынша жасалатын құжаттарды, жазбаларды жауапты қызметкерлер тиісті номенклатуралық істерге қалыптастырады және СТ 044/007-2022 «Жазбаларды басқару» стандартына сәйкес басқарылады.

10. БАҒАЛАУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЖАҚСARTY

10.1. «ОҚМА» АҚ-да орындалатын барлық ашық қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстары қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады.

10.2. Орындалатын және аяқталған ашық (күпия емес) қолданбалы ҒЗЖ-ны мемлекеттік тіркеуді және есепке алуды Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы (ҰМҒТСО) жүзеге асырады.

10.3. Қолданбалы ҒЗЖ орындау нәтижелері бойынша күнтізбелік жоспарда көзделген аралық және қорытынды есептер жасалады. Есептегі деректердің дұрыстығы үшін орындаушылар жауапты болады. Сондай-ақ, есептерде нақты ақпарат көрсетілуі керек:

- есепті кезеңде орындаушылардың ғылыми жарияланымдары;
- конференциялардың тізбесі және оларда орындаушылардың баяндама жасауы;
- есепті кезеңде қорғалған диссертациялардың тақырыбы.

10.4. Қолданбалы жобалар бойынша ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері «ОҚМА» АҚ-ның Ғылыми кеңесінде талқылануға жатады.


10.5. ҒЗЖ көрсеткіштерін бағалау Ү 044-26-05-2022 нысаны бойынша жүргізіледі.

10.6. Қолданбалы бағдарламаларды орындау бойынша есеп Ү 044-26-06-2022 нысаны бойынша жасалады.

10.7. «ОҚМА» АҚ-ның тиісті деңгейлерінде орындалған жұмыстардың нәтижелері бойынша жалпы ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша есеп жасалады. Есептерде Ү 044-26-03-2022 нысаны бойынша нақты ақпарат көрсетілуі тиіс.

10.8. СҒЗЖ/МҒЗЖ/ДҒХЖ нәтижелілігін бағалау мыналар бойынша жүзеге асырылады:

- СҒЗЖ (Ү 044-26-04-2022), МҒЗЖ, ДҒЗЖ есептері;
- жарияланған ғылыми мақалалар саны;
- СҒЗЖ/МҒЗЖ/ДҒЗЖ-ға тартылған студенттер / магистранттар / докторанттардың саны бойынша жүргізіледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы	СТ 044/022-2022
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты	№2 басылым 18 беттің 16 беті

10.9. «ОҚМА» АҚ-ның тиісті деңгейлерінде ҒЗЖ бойынша қалыптастырылған есептер бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарларының орындалуына бағалау жүргізіледі. Бағалаудың негізгі әдісі-кіріс деректерін (жоспарлар, ғылыми тақырыптар) және шығыс деректерін (мақалалар, есептер, енгізу туралы актілер, диссертацияларды қорғау және т.б.) салыстыру. Бағалау нәтижелері бойынша артта қалудың өзін де, олардың пайда болуына себеп болған себептерді де жоюға бағытталған түзету әрекеттері қабылдануы мүмкін (СТ 044/021-2021 «Түзету және алдын алу әрекеттері»).

10.11. Жақсарту бойынша барлық ұсыныстар:

- ғылыми-зерттеу жұмысының жаңа жоспарларын әзірлеу кезінде ескерілуі;

- Ғылыми кеңеске талдау жасау үшін ғылыми қызмет бойынша жиынтық есеппен бірге ұсынылуға тиіс.


10.12. «ОҚМА» АҚ-ның ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жалпы есебінің құрастырылуын бақылауды ҒКЖДМБ жүзеге асырады. Есеп 01 маусымға дейінгі мерзімде қалыптастырылады және ҒКЖ жөніндегі проректор ғылыми кеңестің қарауына ұсынылады.

10.13. Маусым айында өткізілетін Ғылыми кеңесте «ОҚМА» АҚ-ның ғылыми-зерттеу қызметін жақсарту жөніндегі есебі мен ұсынымдары қаралады. Осындай талдаудың нәтижелері бойынша Ғылыми кеңес, мысалы, жақсартуға қатысты шешімдер қабылдайды:


- «ОҚМА» АҚ кітапханасының ғылыми қоры;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарын зертханалық қамтамасыз ету;
- ғылыми қызметкерлерді дайындау процестері;
- СҒЗЖ/МҒЗЖ/ДҒЗЖ процестері;
- ғылыми конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру және т. б.

ҚОСЫМША А


А. «ПОҚ ғылыми-зерттеу жұмысы» процесінің блок-сызбасы




Кірісі		Шығысы	
Жеткізушілер	Не жеткізіледі?	Тұтынушылар	Не тұтынылады?
Оқытушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар	Ғылыми-зерттеу жұмысы	«ОҚМА» АҚ	Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1979	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасы		СТ 044/022-2022
«Ғылыми-зерттеу жұмысын басқару» сапа менеджменті жүйесінің стандарты		№2 басылым 18 беттің 18 беті


Әзірлеген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Ғылыми-клиникалық жұмыстар, докторантура және магистратура басқармасының басшысы	Ә.А. Жақсылық	03.03.2022	

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
МжСМЖ секторының меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов	14.03.2022	

Келісілді:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
ҒКЖ жөніндегі проректор	Б.К. Нурмашев	15.03.2022	
Әкімшілік-құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А. Кабиштаев	15.03.2022	